

"Теңіз портының міндетті көрсететін қызметтері үшін бағаларды (тарифтерді) қолдану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 1 тамыздағы № 602 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Көлік министрінің 2024 жылғы 24 қыркүйектегі № 312 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 26 қыркүйекте № 35122 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Теңіз портының міндетті көрсететін қызметтері үшін бағаларды (тарифтерді) қолдану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 1 тамыздағы № 602 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19199 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Теңіз портының міндетті көрсететін қызметтері үшін бағаларды (тарифтерді) қолдану қағидаларында:

6-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының теңіз және аумақтық суларында балық аулауды және акваөсіру обьектілерін өсіруге және (немесе) күтіп-бағуға, көбейтуге байланысты қызметті жүзеге асыратын осы теңіз портына тіркелген кемелер портқа кірген кезде теңіз портының иесі (теңіз терминалының операторы), мемлекет реттеп көрсететін қызметтерді қоспағанда, теңіз портының міндетті көрсететін қызметтеріне езі айқындаған шарттарда және тәртіппен женілдіктерді ұсынады".

2. Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Теміржол және су көлігі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Көлік вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Көлік министрі

M. Карабаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК